

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан Аграрлық-техникалық университетінде әскери кафедра құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 мамырдағы N 551 қаулысы

"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан Аграрлық-техникалық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны студенттерінің қатарынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлер даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әскери кафедрасын таратып, аталған оқу орнының қаражаты мен штат саны шегінде әскери кафедра құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, осы қаулыны іске асыру жөнінде заңнамада көзделген шараларды қабылдасын.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. "Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде әскери кафедра құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1249 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 36-37, 428-құжат) 1 және 2-тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі